

CS 60

Ceresit

ПОЛИУРЕТАН ҚЫМТАҚ

Бір компонентті, төмен модульді, берік созымды полиуретан қымтақ

ҚАСИЕТТЕРІ

- материалдардың көпшілігіне жоғары жабысқақтық;
- пішінінің қолжетімді толық өзгеруі 25 % дейін;
- жоғары механикалық және химиялық төзімділік;
- тіпті төмен температуралар кезінде де жоғары созымдылық;
- суға төзімді;
- ультракүлгінге төзімді;
- теңіз суына, қышқылдар мен сілтілердің әлсіз ерітінділеріне төзімді;
- мұнай өңдеу өнімдеріне төзімді;
- боялатын.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit CS 60 құрылыс конструкцияларының, шатырлар мен едендердің тігістерін және түйістерін қымтау үшін қолданылады. Ғимараттардың ішінде де, сыртында да қолданылады. Сонымен қатар қоймаларда, өндірістік цехтерде (оның ішінде тамақ өнеркәсібінде), паркингтерде, жерасты гараждарда едендердің түйістерін толтыру үшін жарайды.

Ceresit CS 60:

- табиғи тастан және керамикалық материалдардан жасалған едендері, террасалары, балкондары, баспалдақ алаңдары, парапеттер, кіріс тобы, тиеу терминалдары және т.б. тақталарының түйістерін толтыру үшін;
- шатырлардың, өнеркәсіптік су жинақтауыштарының, су тазартатын құрылыстардың (ауыз су бар резервуарларды қоспағанда), бассейндердің, құбырлардың түйістері мен тігістерін толтыру және қымтау үшін;
- тоннельдер құрылысы кезінде;
- бетонда, ағашта, темірде, алюминийде, мырышта, керамикалық және ПВХ тақталарда түйістерді толтыру және қымтау үшін;
- ағаштан, темірден, алюминийден, мырыштан, ПВХ жасалған терезелердің түйістерін толтыру және қымтау үшін;
- сырлау және сылау алдында құрылыс конструкциялардың түйістерін толтыру және қымтау үшін қолданылады.

Битумдық жүйелерді қоспағанда, Ceresit өнімінің кез келген жүйелерінде қолдануы мүмкін.

Ceresit CS 60 полиэтиленнен және полипропиленнен жасалған пішіндерді қосу үшін арналмаған. Битум беттеріне жанасқан кезде қолдануға тыйым салынған. Айналарды монтаждауға арналмаған.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз құрғақ әрі берік болуға тиіс, көзге көрінетін бұзылыстары болмау керек. Қымтақты қолданар алдында негіз шаңнан, ластан,



қаспақтардан, май дақтарынан және материалдың негізге жабысқақтығын азайтатын басқа заттардан тазартылады. Бетті химиялық тазалағыш құралдармен (еріткіш, техникалық бензин сияқты майсыздандырғыштармен) тазарту ұсынылады. Қымтақты жағар алдында еріткіш толығымен булануға тиіс.

Қажет болған кезде ескі қымтайтын массаны және басқа заттардың қалдықтарын жою керек.

Сынықтар эпоксид материалдардың (мысалы, Ceresit CU 22) көмегімен жойылуға тиіс. Қымтақты жағар алдында жөндеу материалдардың толық қатаю уақытын ылғи ұстап тұру қажет.

Бетонның минималдық ылғалдылығы болуға тиіс. Бет кеуек, қалыпты сіңіргіш (құрғақ немесе елеусіз ылғалдандырылған), бетон, кірпіш, клинкер, сылақ сияқты құрылыс материалдардан, тас қалауынан жасалған болуға тиіс.

Оптикалық мінсіз тігістерді алу үшін тігістер шеттерін қымтақты жаққаннан және оны ажыратқаннан кейін жойылатын сырлау таспасымен желімдеу ұсынылады. Осылайша тігістің тегіс шеттері қалыптасады.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Толтыру тереңдігін шектеу үшін Ceresit CS 60 сіңірмейтін полиуретан шектегіштері пайдаланылады. Олардың диаметрі түйістің енінен шамамен 20 % үлкен болуға тиіс.

Олардың сынуын, жарылуын және газдардың қымталған жерде қозғалуын болдырмау үшін тігісті тығыздағыш материалмен толтыру үшін тек доғал заттарды пайдалану қажет. Металл элементтері бар түйістерді ылғалдың толық булануына дейін материалмен толтырмаңыз.

Түйіс Ceresit CS 60 бітеуішімен үзіліссіз, ауа шұңғылшаларысыз толтырылады. Тубаны монтаждау пистолетіне орнату алдында тубаның металл түбін омыру қажет. Тубаның ұшын бұранда үстінен кесіп алыңыз,

Henkel

Качество для Профессионалов

пластмасс бүріккішті бұрап орнатыңыз және оған тігістің еніне сәйкес кесік жасаңыз. Содан кейін тубаны айдағыш-пистолетке орнатыңыз және оның көмегімен қымтақтың тігіске біркелкі, қалдырмай айдауын жүргізіңіз. Тігіс толығымен толтыруға тиіс. Бірден қымтағыш массаны айдағаннан кейін, 5 минуттан кешіктірмей, оны тиісті құрал-сайманның көмегімен қуысты толығырақ толтыру үшін басып тұрған қозғалыспен тегістейді. Бұл үшін құрал-сайман судың сабын ерітіндісімен жібітіледі. Тазалағыш құралдар мен ерітінділерді қолдану ұсынылмайды, себебі олар теріс әсерді көрсетіп қамтақтың химиялық төзімділігін әлсірете алады.

Пайда болған үлдірдің жарылуын болдырмау үшін дәл содан кейін монтаждау таспасын шешіп алыңыз.

Артық материалды қабысушы беттерден еріткіштің көмегімен алып тастауға болады. Полимерленген материал тек механикалық тәсілмен алынады.

Бетті материалдың толық полимерленуінен кейін ғана акрил бояуларын пайдаланып бояуға болады.

Егер жұмыс үзілуге тиіс болса, бүріккішті қымтап жабыңыз. Тубаны соңына дейін уақыттың барынша қысқа аралығында пайдалануға тырысыңыз.

Материал ультракүлгін сәулеленудің әсерінен түсін елеусіз өзгерту мүмкін. Осы өзгерістер материалдың механикалық қасиеттерін нашарлатпайды.

Материалдың температурасы түйістерді толтырған кезде кем дегенде +20 °C болуға тиіс.

ЕСКЕРТУЛЕР

Материал құрғақ және сіңіргіш беттер үшін +5 °C-тан +40 °C дейін қолданулы мүмкін. Барлық жоғары берілген ұсынымдар температура +20 °C және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 % болған кезде жарамды. Басқа температуралық және ылғалдылық параметрлер кезінде полимерлеу уақыты өзгеруі мүмкін.

Ұсталу уақыты — беріктікке жету алдында 14 күн (+20 °C кезінде). Осы уақытқа дейін бетті 10% көп жүк салмаңыз. Бетті толық полимерленуіне дейін сырлауға болмайды. Ceresit CS 60 битумдармен, гудрондармен және битум бөліп шығаратын заттармен (асфальт және т.б.) үйлесімді емес.

Жұмыстарды орындай отырып көз бен теріні сақтап, жақсы желдетулі қамтамасыз етіп буларды деммен тартпау қажет. Қымтақ көзге түскен жағдайда

оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

Осы техникалық парақта келтірілген ақпарат материалды қолдану саласын және жұмыстарды жүргізу тәсілін белгілейді, бірақ бұл ретте жұмыстар орындаушысының тиісті дайындалуын алмастыра алмайды. Берілген ақпараттан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде құрылыста қолданылатын нормативтерді басшылыққа алу керек.

Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек.

Жоғары берілген ақпарат өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

САҚТАУ ЖӘНЕ КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

Фирмалық қымтаулы қаптамада құрғақ орынжайда +10 °C-тан +25 °C дейін температурада сақтау мерзімі - қаптамада көрсетілген дайындалған күннен бастап 12 ай.

ҚАПТАМА

600 мл қаптама.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Herizi:	полиуретан
Тығыздығы	1,16-1,17 г/см³
Материалды қолданған кезде негіздің	+5°C-тан +40°C дейін
Полимерлеу уақыты:	1-7 күн (тәулігіне шамамен 2 мм)
Жалпы пішінді өзгерту:	≤ 70%
Тігістің геометриясын қалпына келтірумен жол берілетін пішінді өзгерту:	25%
Ағып түсуге кедергі: +5 °C температурада +50 °C температурада	≤ 3 ≤ 3
Термотөзімділігі:	-40°C-тан +80°C дейін

600 мл қаптамадан бойлық метрдің шығуы:

Тігістің ені:	3 мм	4 мм	6 мм	8 мм	10 мм	12 мм	15 мм	20 мм	25 мм
Тереңдігі:	3 мм	4 мм	6 мм	8 мм	10 мм	12 мм	15 мм	20 мм	25 мм
4 мм	50	36	26	20	14	12	10	7,2	-
5 мм	40	30	20	14	12	10	8	6	-
6 мм	34	26	16	12	10	8	6,5	4,5	-
8 мм	26	20	12	6	8	6	4,8	3,5	-
10 мм	20	16	10	8	6	4	4	3	2,5